80 ЖЫЛ
АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

# AMÖZ alemi

27 маусым
2025 жыл
ЖҰМА
№12 (32)

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ
1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
WWW.ANPZ.KZ

# Жеңіл мұнай өнімдерін өндіру көлемі артты



**Атырау облысына жұмыс сапары аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Атырау мұнай өңдеу зауытында» (АМӨЗ) болып, кәсіпорын қызметіне қатысты өндірістік кеңес өткізді.**

*(Басы. Соңы 2-бетте)*

На повестке – пересмотр границ СЗЗ 2

Еңбек пен ерлік үлгісі 4

QazMunaiGaz
ATYRAŪ MUNAI ÖŃDEÝ ZAÝYTY

ӨНДІРІС

# Жеңіл мұнай өнімдерін өндіру көлемі артты



ҚМГ басшылығына биылғы бес айдағы зауыт жұмысының алдын ала қорытындылары ұсынылды. Осы кезеңде 2,39 млн тонна шикізат өңделді. Зауыт жоспарлы көрсеткіштерді асыра орындап, жеңіл мұнай өнімдерінің негізгі түрлері бойынша оң динамиканы көрсетті. Атап айтқанда, дизель отынын өндіру 786,1 мың тоннаға дейін өсті, бұл жоспарланған көлемнен 66,7 мың тоннаға (немесе 9%-ға) артық. Сұйытылған мұнай газын шығару жоспары да асыра орындалып, оның өндірісі 105,5 мың тоннаға жетті (өсім 12%).

Барлық маркалы автомобиль бензинін шығару көлемі 775,2 мың тоннаны құрады. Бұл ретте зауыт АИ-95 жоғары октанды бензин өндірісінің айтарлықтай өскенін көрсетіп, 140,8 мың тонна шығарды, бұл жоспардан 16%-ға артық. Сондай-ақ бензол өндірісі едәуір өсіп, жоспардағы 7,8 мың тонна орнына 24,6 мың тонна болды. Сонымен қатар кәсіпорын мазут өндірісін қысқартты, бұл неғұрлым құнды жеңіл мұнай өнімдері өндірісін ұлғайту стратегиясына сай келеді.

Зауыт жұмысының сапа көрсеткіштері де жақсарды: мұнай өңдеу тереңдігі 89%-ға жуықтады, ал жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі 77%-ға дейін жетіп, жоспардан асып отыр.

А.Хасеновке негізгі жобаларды іске асыру, оның ішінде баяу кокстеу қондырғысының реакторларын ауыстыру мен жөндеу, электр беру желісі мен газ турбиналы электр станциясын салу, сондай-ақ үш жылдық жөндеуаралық кезеңге көшу жөнінде есеп берілді. Алдағы жоспарлы алдын алу жұмыстарына дайындық мәселесі талқыланып, Операциялық жетілдіру бағдарламасын іске асыру барысы, сондай-ақ мұнай коксын қыздыру қондырғысының қазіргі жағдайы қаралды.

Пентан-гексан фракциясын және газ конденсатын өңдеуге арналған тарифті белгілеу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Зауыт мамандары Tazalyq экологиялық жобасының іске асырылу барысы және кешенді экологиялық рұқсат алу процесі туралы баяндады.

Кеңес қорытындысы бойынша А.Хасенов АМӨЗ басшылығына жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін арттыру, өндірістік тиімділікті жоғарылату, сондай-ақ зауыттың тұрақты, қауіпсіз әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді жалғастыруды тапсырды.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

# Өрт сөндірушілердің «психологиялық жолағы»

**«Өрт пен су – тілсіз жау» дейміз. Өртті жою жұмысы айрықша ерік-жігер мен қажыр-қайратты қажет ететіні анық. Жалындаған оттың арасына «сүңги кету» екінің бірінің қолынан келе беретін шаруа емес. Ал осы істі өзінің мамандығы, кәсібі ретінде таңдап, өрт сөндіруші болып қызмет атқарып жатқандардың «тілсіз жаумен» бетпе-бет келуге деген жан-жақты дайындығы – кез келген кәсіпорын үшін өз алдына маңызы басым дүние.**

Бұл ретте биыл сексеннің сеңгіріне шыққан қазақ жеріндегі тұңғыш мұнай өңдеу зауыты – АМӨЗ-дің №14 өрт сөндіру бөлімінде психологиялық дайындықты шыңдауға бағытталған дәстүрлі оқу-жаттығу жиыны өтті.

Дәстүрлі дегенімізбен, аталмыш іс-шараның зауыт қабырғасында өтпегеніне бақандай 5 жылдың көлемі болыпты.

Міне, араға біраз уақыт салып барып жүргізіліп отырған жұмысқа бөлімге қарасты тікелей өрт сөндірумен шұғылданатын бас-аяғы 22 қызметкер қатысты. Ондағы басты мақсат – өрт сөндірушілердің, әсіресе осы іске жаңадан кірісKендердің психологиялық дайындығын арттыру және олардың өрт кезіндегі техникалық тұрғыдан жарамдылығынан бөлек, өршіген өртке төзімділігін практика жүзінде қалыптастыру.

Мәселен, айтылған жиырма екі құтқарушы жігіттің ішінде тек үшеуі ғана бұған дейін осындай дайындықтан өткен азаматтар. Осының өзі бұл іс-шараның маңызын айқындап береді.

Енді оқу-жаттығу жиыны қандай кезеңдерден тұрды, оның негізгі тетіктері қандай дейтін мәселеге келсек, зауыттың №14 өрт сөндіру бөлімінің газ-түтіннен қорғау қызметінің шебері Орынбасар Хасановтың айтуынша, жалпы бұл жаттығудың түрін олар өз араларында «психологиялық жолақ» деп атайды. Ал жаттығу «снаряд-көпір», «дәліз», «эстакада», «лабиринт», «баған», «бункер» сынды алты негізгі кезеңді яки кедергілерді қамтиды. Онда өрт сөндірушілер арнайы қорғаныс киімдерімен осы кедергілерден өтіп, өздерінің түрлі деңгейдегі өрт масштабына ішкі дайындығын пысықтай түседі.

Атап өткен жөн, зауыттың №14 өрт сөндіру бөлімінде барлығы 121 маман еңбек етсе, оның 64-і осы тікелей өрт сөндіруге қатысатын қызметкерлер.



СОТРУДНИЧЕСТВО

# На повестке – пересмотр границ СЗЗ

**На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе состоялось очередное заседание Общественного экологического совета. В центре обсуждения оказался один из самых актуальных экологических вопросов – пересмотр границ санитарно-защитной зоны (СЗЗ) предприятия.**




Особенностью этой встречи стало участие не только членов совета и представителей общественности, но и представителей органов власти – **депутата городского маслихата Руслана Кумискалиева** и **заместителя акима города Атырау Нуржана Ермуханова**, что подчёркивает важность темы и повышенное внимание к ней со стороны местных властей.

Заседание прошло при участии 18 членов совета, в который входят как представители завода, так и активисты, ученые и представители общественных организаций. В качестве гостей на встрече присутствовали экоактивисты: **Шынар Изтелеуова** (ОФ «ТАН»), **Галина Чернова** (Центр «Глобус», онлайн), **Баткен Болатханов** (НИЦ экологии Института «Каспиймұнайгаз»), **Айгуль Кенжалиева** (Атырауская коллегия адвокатов), а также представитель СМИ **Оксана Мартынюк**.

**Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Куаныш Бишимов**, открывая заседание, отметил:

*– Я недавно приступил к должностным обязанностям, но уже успел глубоко погрузиться во все текущие вопросы, особенно в экологические. Санитарно-защитная зона – один из приоритетных направлений. Мы понимаем свою ответственность перед населением и реализуем комплекс мер по снижению воздействия производства на окружающую среду: установка автоматических станций мониторинга (АСМ), понтонов на резервуарах, участие в проекте Tazalyq, снижение забора воды из Урала, и в том числе пересмотр границ СЗЗ. Также ведётся работа по снижению уровня вибрационного шума от факельных установок*.

О текущем статусе пересмотра границ СЗЗ сообщил **начальник департамента охраны труда, окружающей среды и гражданской защиты ТОО «АНПЗ» Еркин Сулейменов**. Он пояснил, что работы начаты в апреле 2025 года, исполнителем стал филиал Республиканского научно-исследовательского центра охраны атмосферного воздуха в г. Атырау.

**Представитель РНиЦ Ерболсын Дюсупов** подробно рассказал о методологии и нормативной базе, на которой основывается пересмотр:

*– Согласно санитарным правилам, для нефтеперерабатывающих объектов нормативный размер СЗЗ составляет 1 000 метров. Однако для действующих объектов возможны корректировки с учетом исторической застройки. Расчеты показали, что максимальный радиус воздействия – 900 метров в юго-западном направлении*.

Мониторинг проводится четыре раза в сутки на восьми контрольных точках, расположенных как на границе СЗЗ, так и за её пределами – в жилых районах. Для проведения исследований используются фотометрический, электрохимический, хроматографический и дозиметрический методы. РНиЦ производится контроль таких показателей загрязняющих веществ, как сероводород, бензол, этилмеркаптаны, электромагнитное и радиационное излучение, метеорологические параметры, шумовое и световое воздействие и др.

Работы ведутся в прозрачном режиме: любой желающий житель города может присутствовать при проведении исследований, заверил Е. Дюсупов.

На сегодняшний день промежуточные исследования на СЗЗ показали, что требуется пересмотр границы в сторону увеличения.

Общественный экологический совет рекомендовал АНПЗ публиковать промежуточные итоги мониторинга, а также обратить особое внимание на снижение шумового воздействия от факельных установок. В ответ на это глава завода сообщил, что уже подготовлен проект работ для снижения шума, включающий замену факельных оголовков.

Члены Общественного экологического совета поблагодарили представителей завода за открытость и активное участие в экологическом диалоге.

Работы по пересмотру границ СЗЗ продолжаются – с учётом интересов производства, населения и требований охраны окружающей среды.

## НАЗНАЧЕНИЕ

Приказом генерального директора ТОО «АНПЗ» №63-к от 2.06.2025 г. **комплаенс-офицером назначен Нурхан Айдар Мейрамбекулы**.



**Дата рождения:** 09.10.1981.

**Образование:** Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, Центрально-Азиатский университет; финансы и кредит, гражданское право.

**Профессиональная деятельность:**

Департамент по борьбе с экономической и коррупционной преступностью по Северо-Казахстанской области, инспектор по раскрытию экономических и финансовых преступлений;

АО «Темирбанк» филиал г. Караганда, начальник отдела по работе с проблемными кредитами;

АО «Национальное агентство по технологическому развитию», эксперт по безопасности, эксперт центра анализа проектов;

АО «Казахстанский институт развития индустрии» г. Астана, эксперт центра правовой экспертизы;

НПП РК «Атамекен» г. Нур-Султан, эксперт департамент комплаенс-контроля;

АО НК «КазМунайГаз», ведущий специалист службы комплаенс.

Приказом генерального директора ТОО «АНПЗ» №64-к от 2.06.2025 г. **директором департамента материально-технического снабжения и комплектации оборудования назначен Жуаспаев Азамат Елюбаевич**.



**Дата рождения:** 25.06.1980 г.

**Образование:** Северо-Казахстанский государственный университет, метрология и метрологическое обеспечение.

**Профессиональная деятельность:**

АА Қ «Мұнаймаш», менеджер отдела сбыта и маркетинговых исследований;

РГП «Казахстанский институт», специалист отдела развития и сопровождения эталонной базы;

ТОО «Эксперт Консалтинг», начальник отдела экспертизы и аудита, заместитель директора;

ТОО «Казақстан Интернешнл Дистрибьюшн», менеджер; и. о. генерального директора;

НК «Казахстан Инжиниринг», менеджер департамента технической политики и инноваций;

АО «Петропавловский завод тяжелого машиностроения», управляющий директор.

Приказом генерального директора ТОО «АНПЗ» №115-к от 11.06.2025 **начальником отдела материально-технического снабжения** назначен **Алтыбаев Ермек Муратович**.



**Дата рождения:** 08.09.1985 г.

**Образование:** Атырауский институт нефти и газа, Западно-Казахстанский инженерно-гуманитарный университет, Алматинский университет менеджмента; организация перевозок и управление, химическая технология неорганических веществ, мастер делового администрирования.

**Профессиональная деятельность:**

ТОО «31 Канал-Атырау», видеоинженер; ТОО «Инспекторат», помощник инспектора; ТОО «Регион-Медиа», видеоинженер;Атырауский областной филиал АО «ГТРК – Казахстан», дизайнер по компьютерной графике; ТОО АНПЗ, Проектно-конструкторский центр специалист по техническому обеспечению; Цех №4 инженер по транспортным операциям; инженер по грузовой работе;

КГПН, оператор технологической установки 4 разряда;

Департамент по управлению ТОРО производственных активов, отдел материально-технического снабжения и комплектации оборудования, экономист-логист;

Департамент материально-технического снабжения и комплектации оборудования, отдел материально-технического снабжения ведущий экономист по материально-техническому снабжению;

И.о. начальника отдела материально-технического снабжения департамент материально-технического снабжения и комплектации оборудования, отдел материально-технического снабжения.

## КОРПОРАТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ

# «Комплаенс – это не абстракция, а ежедневная практика»

**На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе продолжает развиваться система корпоративной этики и антикоррупционного комплаенса. О том, как формируется культура нулевой терпимости к нарушениям, зачем нужен кодекс этики каждому сотруднику и какова роль «горячей линии», мы поговорили с новым комплаенс-офицером АНПЗ Айдаром Нурханом.**

**– Айдар Мейрамбекулы, расскажите немного о себе и о вашем пути к профессии комплаенс-офицера.**

– Мой профессиональный путь начался с работы в правоохранительных органах, национальных и частных компаниях. Позже я работал в Службе комплаенс КазМунайГаза, был экспертом по комплаенсу в НПП РК «Атамекен». За годы накопился немалый опыт в проведении служебных проверок, анализе рисков, проверке контрагентов, внедрении антикоррупционных стандартов. Этот опыт научил меня видеть в комплаенсе не формальность, а реальный инструмент защиты бизнеса и людей. Поэтому я убеждён: основа любой устойчивой компании – это честные и прозрачные отношения внутри коллектива. И здесь ключевую роль играет корпоративная этика.

**– Что такое корпоративная этика простыми словами?**

– Это, по сути, правила честной игры. Как мы ведём себя в коллективе, как принимаем решения, как относимся к людям. Это уважение, ответственность, справедливость, что в конечном итоге является основой доверия.

**– Почему важно, чтобы каждый сотрудник, независимо от должности, соблюдал кодекс этики?**

– Потому что от поведения каждого зависит атмосфера в коллективе и репутация компании в целом. Для рабочих соблюдение этики – это защита от несправедливого отношения и возможность работать в уважаемой среде. Для руководства это инструмент принятия прозрачных и честных решений. Когда все играют по единым правилам, становится меньше конфликтов, больше доверия, крепче корпоративная культура. Важно понимать: этика и коррупция находятся в обратной зависимости, и чем слабее этические нормы в организации, тем выше риск коррупции. А это не просто нарушение закона, это подрыв доверия, интересов компании, а часто и безопасности. Этический кодекс, как фильтр: он не даёт сомнительным практикам пустить корни.




**– Какие примеры неэтичного поведения вы бы выделили как наиболее тревожные?**

– Примеры простые: работа в личных интересах или в интересах родственников, агрессивное поведение, публичная критика компании, разглашение конфиденциальной информации, употребление алкоголя и наркотиков на рабочем месте, дискриминация, игнорирование требований безопасности. Это всё прямые нарушения кодекса.

**– Какие последствия для сотрудников АНПЗ влекут такие нарушения?**

– Последствия могут быть разными: от дисциплинарных взысканий до увольнения, а в отдельных случаях до административной или уголовной ответственности. Но главное, что страдает коллектив и репутация компании.

**– Как вы планируете реализовать комплаенс-политику на АНПЗ?**

– Во-первых, это регулярное обучение сотрудников на всех уровнях. Мы хотим, чтобы каждый знал не только правила, но и зачем они нужны. Это будут тренинги, семинары, открытые диалоги. Во-вторых, мы активно популяризируем Горячую линию. Сотрудники АНПЗ должны понимать: если вы стали свидетелем нарушения, есть безопасный и анонимный способ сообщить об этом. Вся информация о Горячей линии размещена на сайтах АНПЗ, КМГ и Фонда «Самрук-Казына». Анонимность и безопасность заявителя гарантированы. Это важный инструмент для того, чтобы проблемы решались, а не замалчивались. В-третьих, в скором времени будут проводиться мониторинг, внутренние проверки, анализ коррупционных рисков в подразделениях. Мы следим не только за соблюдением кодекса, но и за тем, как работают наши контрагенты.

Помимо этого, будет обеспечена персональная поддержка: любой сотрудник сможет получить консультацию по вопросам этики, разъяснения по сложным ситуациям. Вся эта система направлена на то, чтобы комплаенс стал частью ежедневной работы каждого, а не формальной процедурой. Очень важно, чтобы каждый понимал: комплаенс – это не абстракция, а ежедневная практика. Это не только контроль, но и система поддержки принимаемых решений в правовом поле. То есть, простыми словами, комплаенс – это не про «нельзя», а про то «как нужно». Моя позиция не запрещать, а объяснять.

**– С какими задачами вы уже столкнулись с момента прихода на АНПЗ?**

– Сразу включился в работу: знакомство с коллективом, анализ текущих рисков, разъяснение требований кодекса, старт проверок, организация обратной связи. Хочу отметить, что на нашем заводе работает много ярких профессионалов, и задача комплаенс-офицера – не мешать их работе запретами, а помогать находить правильные пути для достижения результатов.

**– Какие цели вы ставите как комплаенс-офицер?**

– Простая, но амбициозная цель: нулевая терпимость к коррупции, к конфликту интересов, к злоупотреблениям любой формы. Чтобы неприятие таких проявлений стало не отчётом на бумаге, а частью повседневного мышления каждого сотрудника. Этика начинается с уважения, справедливости и личной ответственности. Только вместе, исключив противоречия и обиды, мы сможем сделать АНПЗ современным заводом.

**Сообщить о любых нарушениях Кодекса поведения:**

| | |
|---|---|
| **на Горячую линию** | **+7 800 080 47 47** |
| **WhatsApp** | **+7 771 191 88 16** |
| **Интернет-портал** | **sk-hotline.kz** |
| **i-mail** | **mail@ sk-hotline.kz** |

ОБМЕН ОПЫТОМ

# Повышение надёжность через знания и взаимодействие

**На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе прошли обучающие сессии по эксплуатации насосного и теплообменного оборудования. Визит представителей компании «Научно-производственный центр "АНОД"» на АНПЗ состоялся по инициативе генерального директора ТОО «АНПЗ» Куаныша Бишимова и стал частью программы по обмену опытом и внедрению передовых технических решений.**




Специалисты НПЦ «АНОД», чьи разработки успешно применяются в нефтеперерабатывающей отрасли, провели на площадке АНПЗ обучающие сессии для сотрудников завода. В рамках визита были организованы обходы производственных установок, в ходе которых обсуждались реальные эксплуатационные задачи, связанные с работой насосных агрегатов и теплообменного оборудования.

Коллегиально были выявлены типовые проблемы, даны рекомендации и предложены технические решения, уже зарекомендовавшие себя в аналогичных условиях на других нефтеперерабатывающих предприятиях.

Особое внимание во время встречи было уделено герметизирующим узлам – одной из наиболее уязвимых частей насосного оборудования. Нарушение их работы влечёт за собой потери технологического продукта, риск загрязнения окружающей среды, повышение вибрационных нагрузок и, как следствие, аварийные остановки агрегатов.

В этом контексте особый интерес вызвали усовершенствованные торцевые уплотнения и блоки подшипниковых уплотнений (БПУ), разработанные специалистами НПЦ «АНОД». Эти решения позволяют существенно повысить надёжность насосного оборудования, снизить вибрационные нагрузки и увеличить межремонтные интервалы. Опыт их применения на других НПЗ подтвердил высокую эффективность даже в тяжёлых условиях эксплуатации – при высоких температурах, нестабильных нагрузках и агрессивных средах.

Как подчеркнул **главный конструктор НПЦ «АНОД» Александр Кулдышев**, внедрение современных герметизирующих технологий играет ключевую роль в обеспечении надёжности и экологической безопасности производства.

Обучение на АНПЗ охватило более 30 сотрудников – от ремонтных бригад до инженерно-технических специалистов. Также обсуждались вопросы повышения квалификации персонала и поэтапного перехода на современные отечественные технологии.

Полученные знания и совместно выработанные решения станут основой для дальнейшего повышения надёжности оборудования, оптимизации ремонтных процессов и продления срока службы критически важной техники на предприятии.

**Александр Карташев,
ведущий инженер
по планированию
капремонтов, ПАУ**

ҚУАТТЫ ӨНДІРІС – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ

# Еңбек пен ерлік үлгісі: Атырау мұнай өңдеу зауытының қалыптасуы

**Еліміздегі ең байырғы кәсіпорындардың бірі саналатын Атырау мұнай өңдеу зауыты биыл 80 жылдық межені бағындырмақшы. Осынша уақыт ел игілігіне үздіксіз өндірістік қызмет етіп келе жатқан нысанның өзіндік тарихы Ұлы Жеңіспен қатар өрілетінін жалпақ жұрт жақсы біледі. Оның құрылысы қанды майдан шайқастары өршіп тұрған 1943 жылы бастау алып, жеңіс жылының қыркүйегінде ресми пайдалануға берілді. Қазақ жеріндегі тұңғыш мұнай өңдеу зауытының іске қосылуы еліміздің мұнай өнеркәсібіндегі үлкен бетбұрыс еді.**

Әлқисса, Атырау мұнай өңдеу зауытының тарихы – бұл ең алдымен «іргетасын қалаушы» құрылысшылар мен алғашқы мұнай өңдеушілердің ерлік ісін, Қазақстанның мұнай өңдеу саласының кешегісі мен бүгінін, заман сұранысына сай әр кезеңдегі толық жаңартудан өту үдерістерін қамтиды.

Біз осы тұста жылнама негізінде кәсіпорынның соғыстан кейінгі жай-күйіне, астын сызып атап өтерлік елеулі оқиғаларға, зауыттың қалыптасу және даму сатыларынан сүрінбей өтуі үшін маңдай тер, адал еңбегін арнап, бар білім-білігін жұмсаған тарихи тұлғаларға ішінара тоқталамыз. Ойымызды нақтылай түссек, бүгінге дейін егжей-тегжейлі жазылған АМӨЗ тарихынан үзік-үзік, жинақталған мәліметтерді назарыңызға ұсынамыз.

**БАРЛЫҒЫ МАЙДАН ҮШІН!
БАРЛЫҒЫ ЖЕҢІС ҮШІН!**

Гурьевтегі мұнай өңдеу зауытының құрылысы туралы шешімді Кеңес Одағының басшылығы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары қабылдады және аталмыш шешім стратегиялық сипатқа ие болды. Жау әскерлері кеңес қалаларын бомбалап жатқан кезде, майдандағы үрейлі жаңалықтармен қатарласып құрылыс жүріп жатты. Бірақ жұмыс бір сәт те тоқтамады, 1945 жылы кәсіпорынның тұңғыш цехтары пайдалануға берілді. Құрылысшылардың, алғашқы зауыттықтардың тылдағы ерлік істері маңыздылығы жағынан майдан даласындағы ерліктермен пара-пар болатын. Зауытты сол үшін де Ұлы Жеңістің құрдасы деп атаса керек.

Енді сәл шегініс жасасақ, 1942 жылы гитлерліктер соғыстағы жеңісінің кепілі болатын кавказ мұнай кәсіпорнын, одан кейін Каспий теңізі жағалауымен шабуыл жасай отырып, Баку аймағын жаулап алуды мақсат етті. Бұл операция «Эдельвейс» кодты атауына ие болды. Ал Кеңес Одағы кавказ мұнайын басып алуға түбегейлі жол бермеуге тырысты, әйтпеген жағдайда неміс әскері зор стратегиялық басымдылыққа қол жеткізер еді.

1942 жылдың 1 шілдесінде Иосиф Сталин КСРО мұнай өнеркәсібінің болашақ халық комиссары Николай Байбакповты шақырып алып: «Сіз Кавказға барып, жергілікті мұнай кәсіпорындарын бұзып тастайсыз. Егер Гитлерге бір тонна болсын мұнай тиетін болса, біз сізді ату жазасына кесеміз», - деді. – Бірақ егер мұнай кәсіпорындары алдын ала жойылатын болса, ал фашистер оларды басып ала алмай, біздің әскерлер қандай болмасын уақытқа жанармайсыз қалса, біз сізді сонда да ату жазасына кесеміз» - деп ескертті.




Ал Одақ басшылығына тез арада негізгі стратегиялық әскери-өнеркәсіптік нысандарды, соның ішінде мұнай өңдеу нысандарын елдің шығысына ойыстыру қажет болды. Неміс-фашист әскерінің Кавказға және одан әрі Кеңес Одағының негізгі мұнай өндіру орталықтарына қарай жылжуы Гурьевте зауыт салу қажеттілігін тудырды. Мұнай қажеттілігі фашистік Германияның КСРО-ға басып кіру шешімін қабылдау кезінде негізгі себеп болғаны күмәнсіз. Бұл туралы кейін, 1945 жылдың мамырындағы тергеуде гитлерлік рейхтің Қару-жарақ және әскери өнеркәсіп министрі Альберт Шпеер айтып береді.

1943 жыл. Кеңес әскерлерінің Кавказға және басқа да майдандарға жеңісті шабуылы Үкіметтің елдің экономикалық әлеуетін дамыту жөніндегі бейбіт бағдарламасын өрістетуге жағдай жасады. Бұл бағдарламаға Гурьев қаласындағы мұнай өңдеу зауытының құрылысы кірді. 1943 жылдың 14 сәуірінде КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің елдің шығыс аудандарында мұнай өңдеу зауыттарын салу туралы «аса құпия» таңбасы бар 3181 нөмірлі қаулысы шықты.

Гурьев қаласындағы Жайық өзенінің сол жағалауынан екі жарым шақырым қашықтықтағы зауыттың құрылысына арналған алаң 1943 жылдың 19 тамызындағы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің №3961-сс қаулысымен шартты түрде бекітілген, ал сол жылдың қазанында КСРО Халық комиссарлар кеңесі өкімімен біржолата бекітіледі.

Стратегиялық нысанның салынуына барлық күштер қосылды: зауыттың техникалық жобасын американдық «Баджер және ұлдары» компаниясы әзірледі; КСРО Мұнай өнеркәсібі халықтық комиссариатының №1 трестінің жобалау ұйымы түзетулер жасады; жергілікті жағдайға ыңғайлау жұмыстарын инженер Гавриил Гореченковтың тікелей басшылығымен «Ембімұнайжоба» жобалаушылары жүргізді. Үкіметтің шешімімен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауытының құрылысы КСРО Ішкі істер халық комиссариатының Аэродромдық құрылыс бас басқармасының 3-ші құрылыс басқармасына жүктелді.

Гурьевке көліктік техникасы мен Аэродромдық құрылыс бас басқармасының 3-ші құрылыс басқармасының қызмет көрсетуші қызметкерлері бар бірінші эшелон 1943 жылдың 18 мамырында келді. Құрылыс басқармасының басшысы болып инженер-подполковник Иван Романовский тағайындалды. Ленинградтан арнайы өкімет тапсырмасымен келген бұл инженер осы өңірдің климаттық жағдайларына назар аударады, кейін ол өзінің күнделігінде былай деп жазды: «Тақыр жер. Тегіс бетінен жасыл түстінің бәрін өшіріп тастаған. Ол бұл өңірдегі табиғаттың ғұмырнамасынан мүлдем сызылып тасталғандай – шөп те, ағаш та жоқ. Күннің ыстығынан күйіп кеткен осы сор өңірге енді, соғыс күндері, зауыт пен жанына қала салу керек. Бірақ мұнда үй салуға қажет тас жоқ. Тек шаң мен тұз ғана».

*(Жалғасы келесі нөмірде жарияланады)*

«AMOZ alemi» басылымы №11.
13 маусым 2025 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №31.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ж.Темірғалиев.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – И. Козонова,
Ө. Кенжеахметов.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2024 жылғы 23 ақпанда тіркеліп, тіркеу туралы №KZ18VPY00088072 куәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.

AMÖZ alemi